

R.S.Karenov

About ethnonym «naymana» and about kins relating to naymana tribe

The short history of an origin of the kin «nayman» is described. Scientific researches of a number of the domestic and foreign scientists devoted to generalization of a historical Nayman's role in formation and development of the Kazakh khanate are analyzed. Separate patrimonial divisions of Nayman tribe in details are studied. Four patrimonial divisions of Nayman are allocated, proceeding generally from their geographical moving. The attention of the biography of outstanding historic figures, natives of the kin «nayman», played a noticeable role in destiny of the Kazakh people is paid.

ӘОЖ 94 «19» (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Қазақ елінің болашағы үшін күрескен біртуар тұлға Санжар Асфендиярұлының тарихи мұрасы Туғанына 125 жыл толуына орай

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ұлы өкілдерінің бірі Санжар Асфендиярұлының өмірі мен қызметі баяндалған. Оның өз дәуірінің буырқанған саяси оқиғалары арасында елеулі рөл атқарғандығы туралы айтылған. Оның қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында үлкен маңызға ие болған келелі үдерістерге қатысып отырғаны туралы пайымдалған. Жас республиканың білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің құрылуы мен қалыптасуында оның зор рөл атқарғандығына ерекше көңіл бөлінген. Отандық ғылым мен білім беру саласындағы оның сан қырлы шығармашылық қызметіне баға берілген. Санжар Асфендиярұлының өмірі қайғыға толы болса да, ол өзінің туған жеріне елеулі із қалдырғаны туралы қорытынды жасалған. Оның еңбектері Қазақстан мемлекеттілігі үшін үлкен үлес болып табылатындығы, ал ол жазып қалдырған сөздердің қазіргі кезге дейін үлкен мағына мен маңызға ие екендігі туралы ой топшыланған.

Кілт сөздер: көрнекті өкілі, мұра, мамандар, дайындау, оқу орны, ұйымдастырушы, тарих, деректер, қуғын-сүргін, қайраткер, есте қалдыру.

Kіpіcne

Қазақ жері мен Орталық Азия өңіріне есімі мәлім болған, жарқырап жанған шок жұлдыздарының бірі Санжар Жағыпарұлы (Жафарұлы) Асфендиярұлы (Аспандиярұлы) 1889 жылы 20 қазанда бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкентте, қазақ хандарының тікелей ұрпағы Сейітжапар (Жафар, Жағыпар) Асфендиярұлы мен Гуляндам Қасымованың отбасында дүниеге келген. Сейітжапар Түркістан губернаторы кеңсесінде әскери аудармашы қызметін атқарып, XIX ғасырдың 90 жылдары Ташкентке іс-сапармен алыс-жақын елдерден келген елшіліктерін қабылдау, орналастыру сияқты дипломатиялық істермен айналысқан. Өзінің жарты ғасырдан астам мерзімге созылған қызмет жолын қатардағы поручиктен бастаған Сейітжапар Асфендиярұлы туа біткен дарыны мен еңбекқорлығының арқасында Түркістан өлкесінің түркі-мұсылман халықтары үшін жоғары әскери атақ болып саналған — полковник шеніне қол жеткізеді. Сауатты, көзі ашық Сейітжапар Асфендиярұлы өз балаларына үздік білім беруге ұмтылды. Оның екі қызы (Гүлсім мен Аннель) Ташкент қыздар гимназиясында, төрт ұлы Ташкент реалды училищесінде тәлім алды.

Сейітжапардың үлкен қызы Гүлсім (Үммигүлсім) Жафарқызы (1880–1941) — қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі. Ол 1901–1908 жылдары Санкт-Петербург әйелдер медициналық институтын бітірген. Институтты бітіргеннен кейін Сырдария облысы Шымкент уезінің 3-учаскесінде, кейін Ферғана облысының Пап бөлімшесінде дәрігер болып істеген.

Гүлсім Асфендиярова (Аспандиярова) 1913 жылдан Ташкент қаласындағы әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері болды. 1920 жылы Ташкент қаласында мұсылмандар ұйымының Түркістан өлкелік бюросының өтінішімен жергілікті халықтардан шыққан әйелдер үшін акушерлік мектеп ұйымдастырды, әрі сол мектептің меңгерушісі және оқытушысы болды. 1924 жылы бұл мектеп Ю.Ахунбабаев атындағы медициналық техникумға қосылды. Гүлсім Сейітжапарқызы өмірінің соңына дейін осы техникумда дәріс берді. Ол оқытқан шәкірттерінің арасынан кейін Орта Азия мен Қазақстанның көрнекті ғалымдары өсіп шықты [1; 482].

Өкінішке орай, Гүлсім Сейітжапарқызының дарынды інісі, тағдыры халқымен тағдырлас қазақтың біртуар ұлдарының бірі — Санжар Асфендияровтың (Аспандияровтың) өмір-өнегесі, қызметі мен шығармашылығы әлі толық зерттелген жоқ. Әсіресе оның ғылыми мұрасын зерделеудің қазақ тарихнамасы үшін маңызы аса зор.

Санжардың өмір-өнегесіне қатысты қысқаша деректер

Санжар Асфендияров — ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократиялық интеллигенциясының көрнекті өкілі. Ол 1912 жылы Ресейдің ең ірі ғылыми және мәдени орталығы Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери-медицина академиясын алтын алқамен үздік бітірді. 1910 жылы Сералы Лапиннің қызы Рабиғаға үйленді [1; 481].

Жас маман еңбек жолын Амудария бойындағы Термез қаласында полк дәрігерлік қызметтен бастайды. Полк дәрігері емдеу жұмыстарымен қоса, негізінен, халық мүддесі үшін күрес жолына түседі. Бұқараның көзін ашсам, көңілін оятсам деген арман оған күндіз-түні маза бермейді. Бұл армандарын жүзеге асыруға Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс кедергі болады.

Санжар Жағыпарұлы 1913 жылы майданға жіберіледі. 1917 жылы тұтқынға түсіп, Германияда бір жыл азапты өмір кешеді.

Қазан төңкерісі жеңісінен кейін, ол Түркістанда Қызыл Армияны жасақтауға қатысты. Әскери дәрігер Аспандияров жалынды үгітші және саяси жетекші де болды. Бұхара, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары облыстық, кейін өлкелік кеңесінің мүшесі болып сайланды. Черняев полкінің қатарында ол 1918 жылы Бұхара, 1919 жылы Закаспий майдандарында шайқасқа, контрреволюциялық бас көтерулерді талқандауға қатысты. 1919 жылдың мамырында ол большевиктер партиясы мүшелігіне қабылданды [2].

Санжар Асфендияров 1919 жылдан бастап 1928 жылға дейін жоғары басшылық қызметтерде болды. Ол Түркістан Республикасының денсаулық сақтау комиссары, жер-су халық комиссары, Түркістан Республикасының Мәскеудегі тұрақты өкілі, РСФСР ұлт өкілдері жөніндегі халық комиссариатының алқа мүшесі, ВКП(б) Орта Азиялық бюросының мүшесі, Түркістан компартиясы Орталық Комитетінің жауапты хатшысы, Мәскеу университетінің профессоры және Мәскеу шығыстану институтының ректоры.

1928 жылдан бастап Санжар Жағыпарұлы Қазақстанда еңбек етті. Ол республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін көтеретін білікті кадрларды Қазақстанның өз ішінде дайындауды жолға қоюға, сонымен қатар республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға орасан зор үлес қосты. Асфендияровтың ұшан-теңіз еңбегінің нәтижесінде 1928–1937 жылдары республика халқына медициналық қызмет көрсету жақсарды. Осы кезеңдерде әйгілі ғалымның Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеген бірнеше оқулықтары мен еңбектері дүниеге келді.

Репрессия кезінде жазықсыз қазақ зиялыларының ішінде Қазақстан жоғары мектебі мен ғылымы, мәдениеті саласындағы көптеген көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлері сталиндік жендеттердің қолынан қаза тапты. Сталиндік жендеттердің қанды шеңгеліне ілінгендердің ішінде Санжар Жағыпарұлы Асфендияров та болды.

*Асфендияровтың қазақтың тұңғыш жоғары оқу орындарын ұйымдастырып,
аяғынан тұрғызуда сіңірген еңбектері*

Еліміздің дамуында жоғары білім беру мен білікті ғылыми мамандар даярлау ісінің алатын орны ерекше. Осы орайда бұл жоғары білім өз бастауын қайдан алды және оның ошағы қайда қаланған еді деген сауалға жауап іздеу орынды сияқты.

Қазақта «қара шаңырақ» деген ұғым біреу, әрі ол аса құрметті, киелі. Ал ағарту саласындағы қара шаңырақ — бүгінгі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Осыдан келіп, «Неге басқа емес, осы оқу орны, дәл сол болса, ол қайда, қашан және қалай құрылған?» деген сұрақ туындайды.

1919 жылы 26 желтоқсанда Халық Комиссарлар Кеңесі сауатсыздықты жою жөніндегі декретке қол қойды. Бұл мәселемен айналысатын төтенше комиссия құрылды. Сауатсыздықты жоюдың жылжымалы бөлімшелері жұмыс істей бастады. Әйелдерді оқыту үшін «қызыл отаулар» құрылды. Білім беру жүйесінің бастауыш, толық емес орта білім, орта білім беретін мектептері қалыптаса бастады. Ересек балаларға арналған мектептер мен мектеп-интернаттар ашылды. Өндіріс орындары жанынан жұмысшы факультеттері (рабфак) құрылды. Ауылдарда кішігірім мектептер ашылып, онда қарапайым әріп таныту, санау, жазу, оқуға үйрету сабақтары жүргізілді.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында зиялы қауымды, әсіресе педагог мамандарды, дайындау мәселесінің ерекше маңызы болды. Мысалы, 1924 жылы мұғалімдердің 5,8 % ғана жоғары білімді болды. Мұғалімдерді дайындау үшін тұрақты және қысқа мерзімді курстар, педагогикалық техникумдар ашылды. Жоғары оқу орындарының мамандары негізінен Мәскеу, Ленинград, Ташкент қалаларында дайындалды [3].

Сондықтан да Қазақ ХКК қаулысымен 1928 жылы 1 қазанда Алматы қаласында үш факультеттен (педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық) тұратын Қазақ мемлекеттік университетін құру ұйғарылды. Ұйымдастыру жұмыстарына Халық ағарту комиссариатының жанынан жеті адамнан тұратын арнайы үкіметтік комиссия жауап берді. ҚазМУ-нің ашылуына байланысты Ташкент қаласындағы Қазақ жоғарғы педагогикалық институтты жойып, институттың барлық мүлкін құрылып жатқан ҚазМУ-нің қарауына тапсыру және институттың орнына оған дейін қызмет еткен орта педагогикалық білім беру мекемесі ретінде Қазақ ағарту институтын қалпына келтіру жоспарланды. РКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің өтінішімен құрылған ҚазМУ-нің тұңғыш ректоры болып үш жылдай Мәскеуде түрлі жауапты қызметтерде жемісті еңбек еткен Санжар Жағыпарұлы Асфендияров тағайындалды.

С.Асфендияровтың алдында қалада оқуға жарамды болатын ғимараттарды тауып, оларды аудиториялар мен лабораторияларға сәйкестендіру, білікті, тәжірибелі оқытушылық кадрларды жұмысқа тарту, қосымша қаражаттарды іздестіру және осыған ұқсас көптеген мәселелерді шешу міндеті тұрды. Ректордың өтініш білдіруімен барлық облыстық және қалалық партия ұйымдарында ең алдымен қазақ ұлтынан шыққан дарынды балалардың арасынан болашақта университеттің даярлық курстарының тыңдаушыларын және студенттерін іріктеп алу жұмысы басталды.

Тез арада жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 1928/1929 оқу жылының қыркүйек-қазан айларында ҚазМУ-да білім алуға ниет білдірген 124 студент (96 ұл, 28 қыз) оқуға құжат тапсырып, ұстаздар саны 9 адамды құрады. Олардың арасында 3 профессор (Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынұлы, Николай Фатов), 4 доцент (Едігей Мансұров, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Василий Потапов), 2 ассистент (Борис Ровинский, Владислав Дубошин) 1-курс студенттеріне сабақ берді. Ал, студенттер құрамы болса түрлі ұлт өкілдерінен тұрып, көпшілігі жұмысшы, кедей шаруалардың балалары еді. Оның ішінде 76 қазақ, 42 орыс, 3 татар, 2 еврей, 1 неміс ұлтының өкілдері оқыды [4].

1928 жылдан ҚазМУ-дың тұңғыш ректоры болған Санжар Асфендияров 1930 жылы 25 желтоқсанда «Қазақ мемлекеттік педагогика институты» (КазМПИ) болып қайта құрылған оқу орнында (бүгінгі таңдағы жоғары оқу орны — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) 1931 жылдың 16 ақпанына дейін директор (ректор) және тарих кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оқу орнының педагогикалық институт болып қайта құрылуының бірінші себебі, кеңестік саясат бойынша республикада сауатсыздықты жою мақсатында жүргізілген шаралар тұңғыш жоғары оқу орнынан тек педагогикалық бағытта ғана мұғалім кадрлар даярлауды талап еткендіктен болса, екінші себебі студенттер санының аздығы мен материалдық-техникалық базаның әлсіздігінде еді. 1928 жылдан бергі институттың (бұрынғы ҚазМУ) өткен 3 жылы негізінен алғанда жаппай ұйымдастыру кезеңі болған. Осы тұрғыда Санжар Асфендияров 1928–1931 жылдары университет жұмысына Ленинград, Мәскеу, Киев, Харьков, Владивосток, Қазан, Ташкент қалаларынан ең таңдаулы оқытушыларды тарта білді. Олардың арасында О.Қ.Жандосов, В.А.Захваткин, Н.Л.Караваев, И.Г.Автухов, Б.Л.Кругляк, Е.В.Тарле, М.М.Маркович, В.Н.Кун, А.Х.Линчевский, Е.В.Васильева, В.Ф.Литвинов, В.М.Зимин, І.Ж.Қабылов, Т.Ш.Шонанов, М.А.Солонино, А.И.Смирнов, т.б. белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бар еді [5].

1931 жылы 27 желтоқсанда институттан тұңғыш рет 59 студент түлеп ұшып, оның ішінде 10 қыз, 49 ер бала алғаш білім әлеміне жолдама алды. Олар институтта 5 бөлімшеде оқып мамандық алып шықса, оның ішінде тарих-экономика бөлімшесін 21 адам (18 ұл, 3 қыз), әдебиет-лингвистика

бөлімшесін 11 адам (9 ұл, 2 қыз), физика-математика бөлімшесін 10 адам (10 ұл), биология бөлімшесін 8 адам (5 ұл, 3 қыз), химия бөлімшесін 9 адам (7 ұл, 2 қыз) бітірген екен [6].

Бұлар халық ағарту саласы үшін даярланып, ҚазМПИ-ден тұңғыш түлеп ұшқан жоғары білімді педагог мамандар еді.

Үш жыл бойы Қазақстанда алғашқы жоғары оқу орнын құру бағытында қажырлы еңбек етіп, құнды тәжірибе жинақтаған С.Асфендияровқа дарынды ұйымдастырушы ретінде 1931 жылы Қазақ медициналық институтын құру тапсырмасы жүктелді.

1931–1933 жылдары Алматыдағы Медициналық институтының тұңғыш ректоры болған ол осы институтта жалпы химия, биология, физика пәндерімен бірге анатомия, қалыпты физиология, ішкі аурулар, гистология, микробиология, фармакология, биологиялық химия, гигиена бөлімдерін және хирургиялық кафедралар ашты. Ғұлама ғалым жұқпалы аурулармен күреске, аурулар мен індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Халық арасында жиі кездесетін туберкулез, шешек, оба, сүзек, тері ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Орта дәрежелі оқу орындарында, қысқа мерзімді арнаулы курстарда әр түрлі буындағы медицина мамандарын көптеп даярлауға күш салды [7].

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының жоғары білімінің қара шаңырығы болған тұңғыш жоғары оқу орындарының бүгінгі таңдағы жетістіктері мен табыстарында өткеннің бай тәжірибесінің ықпалы зор екенін және мұндай табыстарға сол кездегі білікті басшылар мен ұлағатты ұстаздардың жемісті еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткенін естен шығармауымыз керек.

Санжар Асфендияровтың тарихи мұрасы

Патша заманында Ресейде білім алған энциклопедист-ғалым, Кеңестік Ресей мен Қазақ Автономиялық Республикасының мемлекеттік қайраткері, шебер ұйымдастырушы, талантты азамат Санжар Асфендияров — қазақ елінің болашағы үшін қайраты мен күш-жігерін аямаған тарихи тұлға. Оның қайшылықты болмысын зерделеу ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік билік пен қазақ халқының тағдырын, қазақстандық тарих ғылымының қалыптасуының күрделі процестерін түсінуге ықпал етеді.

Санжар Асфендияров әр ғылымның саласынан жақсы хабардар болғандықтан, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, тарихты, әдебиетті, өнерді, тіл білімін, биологияны терең зерттеді.

Санжар Жағыпарұлы ағылшын, француз, неміс, латын және шығыс халықтарының тілін білген. Ол 1928 жылы жарық көрген «Исламның шығу себептері» атты еңбегінде жаңа қалыптаса бастаған ислам мен кейінгі кезеңдердегі ислам арасында принципті айырмашылықтар бар екенін дәлелдеуге тырысты.

Автордың тағы бір құнды кітабы — «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі». Бұл ғылыми еңбектің негізгі маңызы — патша үкіметінің қазақ жерлерін отарлау саясатының бет пердесін жеріне жеткізе ашқанында.

М.Қаратаев: «Ол ол ма, дәрігерлігінің, педагогтігінің, ғалымдығының, қоғам қайраткерлігінің үстіне Санжар Аспандияров жазушы, филолог еді. Ол — шығыс елдері өмірінен «Шатер мира» атты орыс тілінде повесть жазған кісі, қазақ эпосы, ұлт мәдениеті, колхоз-совхоз театрлары туралы еңбектер жазды» деген дәлел айтады [2; 64].

С.Асфендияров Қазақстан тарихын алғашқылардың бірі болып зерттеуді қолға алды. Оның тарихи мұрасы қазақ тарихының түбегейлі мәселелерін: этногенез, алғашқы қоғамдық құрылыс, ұлт-азаттық және революциялық қозғалыстар тарихы, қазақ этносы және қазақ тарихының деректерін жинақтауды қамтыды.

Шығыстағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын зерттеуге назар аударған С.Асфендияров бұл мәселе бойынша өз пікірлерімен 1932 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Шығыстағы ұлттық-революциялық қозғалыстардың тарихы» атты еңбегінде бөліседі.

С.Асфендияров өз еңбектерінің басым көпшілігінде Қазақстанның рухани және материалдық мәдениеті тарихының мәселелеріне тоқталып, мәдени ескерткіштерді зерттеу ісіне зор үлесін қосты. Кеңес этнографтары ішінен алғашқылардың бірі болып С.Асфендияров эпосты маңызды тарихи деректердің қатарына қосқан болатын [8, 9].

1935 жылы С.Асфендияров мәскеулік профессор П.Кунтениң басшылығымен «Қазақстанның өткені: деректер мен материалдар» атты алғашқы деректер жинағын шығарады (бірінші томы). Бір жылдан соң екінші томы жарық көреді. Бұл жинақта көне және ортағасырлық авторлардың,

саяхатшылардың, тарихшылардың шығармаларынан үзінділер келтіріледі. Құнды деректер жинағының жарыққа шығуы республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай орын алған оқиға болады. Осы жинақтан кейін С.Асфендияровтың 1935 жылы «Қазақ тарихының очерктері» атты мектеп оқулығы баспадан шықты. Автор оқулықта қазақ тарихын маркстік-лениндік концепцияға, тап күресі теориясына икемдейді [9].

Ғалым қазақ тарихын үш дәуірге бөліп қарастырады: 1) хандық кезең; 2) бодандық заманы; 3) кеңес дәуірі. Қазақ хандығы XV ғасырда (1456–1465 жж.) пайда болып, бұл хандық үш жүзге бөлінді деп, қазақ мемлекетінің бытыраңқы сипатын көрсетеді. Кітапта: «Керей мен Жәнібек құрған Хандық мемлекет ретінде әлсіз болған... Шын қазақ хандықтары XVII ғасырда Еділ бойын орыстар алып, Орта Азияға өзбектер орныққаннан кейін құрылды... Одан кейін де үш жүзге бөлінген Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған емес. Біріксе де, аз уақытқа бірігіп, ыдырап кеткен... Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы пролетариат басшылығы мен Қазан революциясының арқасында, Патша өкіметінің құлдығынан құтылған соң жасалып отыр» [10], — делінеді. С.Асфендияровтың бұл еңбегінде 20–30-жылдардағы Кеңес үкіметінің тарихи ғылымына қатысты саясаты мен зерттеу проблематикасы көрініс тапқан.

1934–1937 жылдар арасында С.Асфендияров газет және журнал беттерінде республиканың революцияға дейінгі және Кеңестік тарихының өзекті мәселелері бойынша мақалалар мен хабарламаларды жариялап, түрлі тарихи еңбектерді өңдеуден өткізуге және тарихи мәселелерді талқылауға қатысты.

Сонымен, Санжар Асфендияров ауқымды ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыспен айналыса жүріп, өзінің ғылыми ізденістерін жүргізуге мүмкіндік тауып отырған. Көптеген жылдарға созылған ғылыми-зерттеу жұмысының заңды нәтижесі ретінде ғалымның еңбектері көпшілікке таңымал болған ғылыми еңбектері өмірге келіп, артынан өзінің бай ғылыми мұрасын қалдырған болатын.

Асфендияровтың өмірінің соңғы жылдарында атқарған жемісті жұмыстары

Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін ғылым, өнер мәселелерінің бәрін және архивтерді ағарту Халық комиссариатының ғылыми бөлімі немесе секторы басқарды. Ол 1921 жылғы тамыз айында Академиялық орталық болып қайта құрылды. Оның бастамасымен 1924 жылы алғашқы археологиялық карталар жасалды, қазақ халқы тарихының жекелеген мәселелері, оның ішінде халық-азаттық қозғалысы тарихы зерттеле бастады. 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы табиғат ресурстарын зерттеу жөніндегі экспедиция құрылды. 1932 жылғы наурызда Алматыда КСРО Ғылым академиясының тұрақты базасының құрылуы республикадағы ғылымның дамуында маңызды кезең болды [11].

Санжар Асфендияров 1931 жылы ҚазАКСР-нің Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалып, елдегі денсаулық сақтау жүйесін ретке келтіру жолында қажырлы еңбек етті. Ол отызыншы жылдары КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының іргетасын қалаған ұйымдастырушылардың және алғашқы жетекшілерінің қатарында болды. С.Асфендияров 1932 жылы мамырда А.Н.Самойлович, Б.А.Келлер, О.Э.Брицке сынды академиктермен, М.Н.Төлепов, Г.Барышников сынды профессорлармен бірге қазақстандық базаның Президиум құрамына енді [8; 9].

1933–1937 жылдары Санжар Жағыпарұлы Қазақ ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих секторының меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы, артынан филиалы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды [1; 482].

Туған жерінің ардақты азаматы ретінде өз ғұмыры мен барлық күш-жігерін туған халқына адал қызмет етуге арнаған С.Асфендияров 30-шы жылдардың екінші жартысында жалған жаламен ату жазасына кесілген саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының бірі болды. Атақты ғалымның Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы жөнінде ашық айтылған, отаршылдықты әшкерелеген тарихи шығармаларын оқуға тыйым салынды.

1938 жылы 13 сәуірде А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханада жұмыс істеген С.Асфендияровтың әйелі Рабиға Лапина қамауға алынып, Түркістан әскери округі трибуналының шешімімен сегіз жылға сотталып, саяси тұтқындардың Қарағанды лагеріне аттандырылды.

Түйін

1990 жылдың басында Мәскеудегі КГБ-дан — КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен — Кеңес Одағы Жоғарғы соты Әскери алқасының көшпелі сессиясы үкімімен атылған

қазақстандықтардың бес жүзден астам алғашқы үлкен бір тобының тізімін алуға қол жеткізілді. Сол тізімнен Санжар Асфендияровтың 1938 жылғы 25 ақпанда атылғаны белгілі болды. Санжар есімі тізімде үшінші болып тұрған еді. Осы 25 ақпан күні Асфендияровпен бірге, іштерінде Қазақ Республикасының белді қайраткерлері Сейітқали Меңдешов, Ұзақбай Құлымбетов, Темірбек Жүргенов, Жанайдар Сәдуақасов, Ғабдұлхакім Бөкейханов, Шәкір Дивеев, Сүлеймен Есқараев, Тел Жаманмұрынов, Құдайберген Жұбанов, Ізмұқан Құрамысов, Қабылбек Сарымолдаев, Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Ғаббас Тоғжанов бар, барлығы 39 қайраткер атылған болып шықты [12].

Санжар Жағыпарұлы сойқан нәубеттің құрбаны болып кеткенімен ұрпақ оны ұмытпады. Оның ісі 1958 жылғы 27 мамырда қайта қаралып, ғалым есімі жазықсыз жаладан аршылып, ақталды. Бірақ қайраткердің өмірі мен саяси қызметі жайындағы деректер тоталитарлық жүйе тұғыры шындап шайқала бастағанға дейін толық ашылмаған күйі қала берді. Кеңестік дәуірде ғұлама ғалымның қаламынан туған еңбектердің ешқайсысымен тікелей таныса алмадық.

Тек тоқсаныншы жылдардың басынан бастап халықтың аяулы ұлы Санжар Асфендияровтың есімін мәңгі есте қалдыру шаралары жүзеге асырыла бастады. Соңғы жылдары оның еңбектері қайта басылып шықты. Іргесін өзі қалаған Алматы медициналық институтына (бүгінгі университетке) есімі берілді. Сонда мұражайы ашылды. Тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. Алматы қаласының бір көшесіне есімі берілді. Биыл, міне, туғанына 125 жыл толуы атап өтілуде.

Алдағы уақытта мемлекет қайраткері, ғалым, педагог Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың есімін ұлықтайтын, әрі кейінгі ұрпаққа үлгі етіп тартатын тарихи-танымдық көп шаруа тындырылары анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия: 1-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. бас ред., 1998. — 720 б.
- 2 *Қуандық Е.С.* Қазақстан тарихы (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. — Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. — 62-б.
- 3 *Қан Г.В., Шаяхметов Н.У.* Қазақстан тарихы: Оқулық. — Алматы: Алматыкітап, 2007. — 208-б.
- 4 КРОММ (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты). — 1142-к., 1-т., 1-іс, 5^а- 6-б. // Приказы по Казахскому государственному университету, 5 сентября 1928 года – 30 декабря 1930 года.
- 5 КРОММ. 1142-к., 1-т., 1-іс, 45^а, 61–63-б. // Приказы по Казахскому государственному университету, 5 сентября 1928 года – 30 декабря 1930 года.
- 6 КРОММ. 1142-к., 1-т., 6-іс, 89-б. // Приказы по Казахскому государственному университету, 2 января 1931 года – 29 декабря 1931 года.
- 7 Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. — Алматы: Арыс, 2009. — 61,62-б.
- 8 *Пірәлиев С.Ж.* Ұлтымыздың тұңғыш педагог-ректоры // Түркістан. — 2008. — 11 желт.
- 9 *Жұмбабаева Ж.* Асфендияров — тұңғыш марксист тарихшы // Қазақ тарихы. — 2010. — № 6 (105). — 23-б.
- 10 *Асфендияров С.* Қазақстан тарихының очерктері. — Алматы: Санат, 1994. — 32–36-б.
- 11 *Маданов Х.* Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. — Алматы: ҚМЭБИ баспасы, 1995. — 175-б.
- 12 *Қойшыбаев Б.* Қайраткер және ғалым (Санжар Асфендияровтың туғанына 120 жыл толуына) // Егемен Қазақстан. — 2009. — 8 желт. — 6-б.

References

- 1 *Kazakhstan. National encyclopedia*: B. 1 / Editor-in-chief A.Nysanbayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 1998, 720 p.
- 2 *Kuandyk E.S.* *History of Kazakhstan (Period of functioning of the Soviet Union and independent Kazakhstan)*, Almaty: Dauir LLP, 2012, p. 62.
- 3 *Kan G.V., Shayakhmetov N.U.* *History of Kazakhstan: Textbook*, Almaty: Almatykitap, 2007, p. 208.
- 4 Central Public Records Office of the Republic of Kazakhstan: f. 1142, the l. 1, c. 1, p. 5a–6 // Orders on the Kazakh State university, on September, 5, 1928. — December 30, 1930.
- 5 Central Public Records Office of the Republic of Kazakhstan: f. 1142, the l. 1, c. 1, p. 45a, 61–63 // Orders on the Kazakh State university, on September, 5, 1928. — December 30, 1930.
- 6 Central Public Records Office of the Republic of Kazakhstan: f. 1142, the l. 1, c. 6, p. 89 // Orders on the Kazakh State university, on January, 2, 1931. — December 29, 1931.
- 7 *Alash. Alashorda: Encyclopedia* / Originators G.Anes, S.Smagulova, Almaty: «Arys» publ., 2009, p. 61, 62.
- 8 *Praliyev S.Z.* *Turkestan*, 2008, December 11.
- 9 *Zhumabayeva Z.* *History of Kazakhs*, 2010, 6 (105), p. 23–24.
- 10 *Asfendiyarov S.* *Sketches on stories of Kazakhstan*, Almaty: Sanat, 1994, p. 32–36.

11 Madanov H. Last and today's history of the Kazakh people, Almaty: Publishing house of the Kazakhstan institute of Management, Economy and Forecasting, 1995, p. 175.

12 Koyshybayev B. *Egemen Kazakhstan*, 2009, December, 8, p. 6.

Р.С.Каренов

**Историческое наследие неутомимого борца
за будущее казахского народа Санжара Асфендиярова**

В честь 125-летия со дня рождения

В статье описаны жизнь и деятельность одного из великих представителей казахской интеллигенции начала XX в. Санжара Асфендиярова, сыгравшего заметную роль в бурных политических событиях своего времени. Ему довелось участвовать в важных процессах, которые имели огромное значение для казахской государственности: в создании и становлении систем образования и здравоохранения молодой республики. Автором дана характеристика многогранной творческой деятельности С.Асфендиярова в области отечественной науки и просвещения. Отмечен значительный вклад ученого в развитие государственности Казахстана.

R.S.Karenov

**Historical heritage of the tireless fighter for the future
of the Kazakh people of Sanzhar Asfendiyarov**

In honor of the 125th anniversary since birth

Life and activities of one of great representatives of the Kazakh intellectuals of early XX century of Sanzhar Asfendiyarov are described. It is noted that he played a noticeable role in rough political events of the time. It is emphasized that he happened to participate in important processes which had huge value for the Kazakh statehood. The special attention is paid to what role played he in creation and formation of education systems and health cares of the young republic. The characteristic of its many-sided creative activities in the field of domestic science and education is given. The conclusion is drawn that Sanzhar Asfendiyarova's life was tragic, but it left a noticeable trace on the native earth. The idea that its work became very important contribution to statehood of Kazakhstan, and many words written to them still is introduced make big.